

Абай аудандық мәслихатының 2024 жылғы 28 наурыздағы № 14/8-VIII "Абай ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Абай облысы Абай аудандық мәслихатының 2024 жылғы 8 қазандығы № 19/6-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 15 қазанда № 356-18 болып тіркелді

Абай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Абай аудандық мәслихатының "Абай ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" 2024 жылғы 28 наурыздағы № 14/8-VIII (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 256-18 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 2 – қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

M. Нұрсұлтанұлы

Абай аудандық мәслихатының

2024 жылғы 8 қазандығы

№ 19/6-VIII шешіміне

қосымша

Абай ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарын алушылар санатының тізбесі

№	Атауы
1	Ұлы Отан соғысының ардагерлері
2	Женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер
3	Басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс кимылдарының ардагерлері
4	Бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар
5	Мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар
6	Денсаулық сақтау саласындағы уәкілдегі органдар бекітетін аурулар тізімінде аталған кейір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар

7	Жасына карай зейнет демалысына шықкан зейнеткерлер
8	Кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар
9	Қандастар
10	Экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар
11	"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана данқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар
12	Мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, гарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары
13	Толық емес отбасылар

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК